

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - Б.191-193

## **БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Ормыш Ақерке*

*Кәсіптік оқыту мамандығының 4 курс студенті*

*С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ*

*Нұр - сұлтан қаласы*

«Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында».[1]

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр білім алушының табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. Білім берудегі оқыту технологияларына : ойын технологиясы, проблемалық, деңгейлеп саралау, топтық, дамыта, модульдік технологияларын жатқызуға болады. Алайда, қазіргі уақытта индустриалдық қоғамнан ақпараттық қоғамға өтпелі осы кезеңде, әсіресе, ауқымды ақпараттық жүйе – Интернет желісінің маңыздылығы артып отыр. Интернет адам өміртіршілігінің кез келген саласына әсер етуде. Сондықтан қазіргі заманғы жаңа тұрпатты маманға қойылатын жоғары талаптардың бірі – ақпараттық технологияларды пайдалана алуға қабілетінің, икемділігінің болуы қажет. Осыған байланысты, кәсіби білікті мамандар даярлайтын оқу орындары мен педагогика ғылымына артылатын ауыртпалық үлкен.

Жалпы алғанда, білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселелеріне байланысты көптеген зерттеулер жүргізілді. Мысалы, елімізде білім беру саласын ақпараттандыру мәселелерінің әртүрлі аспектілері, оқыту үдерісінде компьютерлік технологияларды қолданудың теориясы мен әдістемесі Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев, К.З.Халықова, В.В.Гриншкун, сынды ғалымдардың еңбектерінде тереңірек зерттелді.[2, 3]

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың болашақ кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдалану даярлығын қалыптастырудың аспектілері Л.В.Нефедова, Г.Г.Бегаришева, секілді зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. [4,5,6]

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі кәсіби білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білім алушыларға ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам-ол технологияның ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, жан-жақты адам. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқытудың ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – мұғалімге білім алушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технология «information technology» - біріншіден: объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинақтау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығы. Екіншіден: ақпаратты өңдеу үшін пайдаланатын технологияның, элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы.

Білім алушылардың ақпараттық технологияны пайдалану деңгейін анықтау және қазіргі қашықтықтан оқу қаншалықты пайдалы екенін білу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 5В012000-Кәсіптік оқыту мамандығының 16 білім алушысы қатысты. Сауалнама сұрақтары:

1. Білім алуда интернет желісін пайдалану деңгейін қалай бағалайсыз, пайыздық мөлшер бойынша?

2. Электрондық почтаны пайдалану деңгейін қалай бағалайсыз, пайыздық мөлшер бойынша?

3. Білім алу үдерісінде, сабақ барысында жаңа материалды түсіндіруде оқытушылардың қолданатын мультимедялық технологиялары сізге қалай әсер етуде? **1)жаңа материалды игеруге септігін тигізеді, 2) орташа деңгейде; 3)әсер етпейді.**


4. Электрондық оқулық сіз үшін білім алу үдерісінде тигізетін оң әсерін қалай бағалайсыз, пайыздық мөлшер бойынша?

#### Сауалнама жауаптары:

Сауалнаманың бірінші сұрағына білім алушылардың жауабының пайыздық мөлшері 80% -ды құрады.

Екінші сұрақтың пайыздық мөлшері 85% болды. Яғни, білім алушылардың басым көпшілігі электрондық почтаны жиі қолданатынын жеткізді.

Үшінші сұраққа диаграммада көрсетілгендей жауап берді.



Мультимедиялық технология арқылы материалды игеру 80%-на септігін тигізетінін анықтадық.

Төртінші сұраққа білім алушылардың берген жауабының пайыздық мөлшері 75%-ды құрады. Электронды оқулықтың тиімділігін жеткізді.

**Қорыта айтқанда**, ақпараттық оқыту технологияларды сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады.

Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Кәсіби білім беру үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Жаңа технологиямен оқытудың мақсаты студенттерді қызықтыру мен талпынысын, құштарлығын арттыруда маңыздылығы зор деп есептейміз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына // Егемен Қазақстан. – 2006. – 27 мамыр.
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000217> .
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2014, 21-бет(5).
4. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. М., 2002. С. 12
5. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру», Алматы, 2012ж
6. М.М.Жанпейсова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2015